



-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ, 1-БӨЛІМ

Сот төрелігінің жариялылығы
қағидасы





Дәрістің мақсаты: заманауи этномызикатану ғылымда қалыптасқан Шығыс Еуропа славяндарының халық музыкасының тұжырымдамасын сипаттау.

Алдымен «Шығыс Еуропа» терминіне мінездеме береді. Бұл тек географиялық қана емес, сонымен қатар саяси тұжырымдама. Географиялық тұрғыдан Шығыс Еуропа шығыстағы Германияны, оңтүстік-шығыста Австрияны қоспағанда, солтүстігімен шығысында Швеция мен Финляндия, Словения және Югославияның орнын басқан елдерді қосады. Саяси тұрғыдан Шығыс Еуропа – бұл бұрынғы «Шығыс блогының», яғни Кеңес Одағының қол астында болған, социалистік немесе коммунистік елдер. Бүгінгі таңда бұрын Шығыс Еуропа елдері болып саналған мемлекеттер Орталық Еуропа деп аталады. Оларға: Чех Республикасы, Словакия, Польша және Венгрия жатады. «Орталық Еуропа» терминінің астарына православиелік емес, римдік-католиктер кіретінін атап кеткен жөн.

XVIII ғасырдағы Иоганн Готфрид Гердердің негізгі жұмысында халық музыкасы мен тілдің арасындағы тығыз байланыс туралы тұжырымдама қалыптасты. Кейінірек бұл XIX-ғасырдың лингвисттері мен филологтарында да дамытылды. Шығыс Еуропаға деген әлеуметтік-лингвистикалық көзқарас ерекше қызық болуы мүмкін.

Осы өңірдегі елдердің көбісінің тілінде славяндық тамыр жатыр. Басқа тілдік топтар финно-угор тілдеріне кіреді. Бұл фин, эстон және венгер тілдері. Сонымен қатар, балтық тілдер тобы да бар – латыш және литов тілдері. Тағы сол сияқты, мысалы, румын, албан және басқа тілдер. Бұл тілдердің арасында қызықты қарым-қатынас орнатылған. Бұл қарым-қатынастар сол халықтардың сөйлеу тілі секілді кейбір музыка формаларымен де байланысады. Мысалы, Польшаның батысындағы музыканың басым бөлігінің формасы мен эстетикасы жағынан батыстағы герман елдерінің музыкасына жақын. Ал, Польшаның оңтүстік өңірінде венгер және румын музыкасымен байланысын байқауға болады.

Халық музыкасының тұжырымдамасы

Халық музыкасының тұжырымдамасы – ол еуропалық өнер тапқырлық болып табылады. Себебі Еуропалық мәдени тәжірибе ең алдымен еуропалықтардың өздерін толғандырады. Еуропа музыкасын зерттеушілердің басым бөлігі оны үш санатқа бөледі: халық музыкасы, бұқаралық және классикалық музыка.

«Әлем музыкасының тізбекті энциклопедиясы» деп аталатын көп томды басылым бар. «Еуропа» томның кіріспе бөлімінде Тимоти Райс XVIII-ғасырда Гердермен құрылған «Фолькслед», яғни, «халық музыкасы» ұғымы, қарапайым адамдардың шығармасы деген мағынаны ғана көрсетпейтіндігін айтқан. Халық музыкасында жалпы адамның ішкі жан дүниесіне апарар кілт жатыр, дегенді білдіреді.

Халық әннің тұжырымдамасы тілдің және әндердің мәтіндерін жинаумен тығыз байланысты болған, ал әуендік ақпаратты қосу ол екінші орында болды. Дегенмен, халық музыкасының әуені әрқашан қызығушылық туғызатын, музыканың этнографиялық зерттелуі 1880 жылдарда дыбыс жазу технологиясының пайда болуымен күшейді. Дыбыс жазу техникасының қабілеті жинайтын ақпараттың жұмысын жеңілдетті, және зерттеу барысында салыстырмалы музыкатану саласының қалыптасуына ықпал етті. Бұл жаңа сала қызметінде музыкалық дыбыс жазу мұрағаты алғаш рет 1899 жылы Венадағы австро-венгер өнер Академиясының Фонограмм-мұрағатында құрылды. Бір жылдан соң, Карлм Штумпф Берлинде фонограмм-мұрағатының негізін қалады. Содан кейін, XX ғасырдың алғашқы он жылдығында көптеген ұлттық дыбыс жазу мұрағаты ізін жалғастырды. Өкінішке орай, олардың басым бөлігі әлемде болған екінші Дүниежүзілік соғыстың уақытында зақымданған немесе жойылып кеткен.

Ғасырдың ортасынан бастап, Орталық және Шығыс Еуропа елдерінде дыбыс жазу мұрағаттарын қалпына келтіру жұмыстарына көп күш жұмсалды. Бұл жобалар елдің соғыстан кейінгі қалпына келу жұмыстарымен қатар жүрді. Осы жинақтамалар мен мұрағаттық жобалардың мұрасы халық музыкасының тақырыбына оң көзқараста болғаны үшін сынға алынуы мүмкін. Осы тәсілдің шеңберінде кейде бұл музыка орындаушыларының әлеуметтік шынайылығы еленбей қалады. Дегенмен, осы мұрағаттарда сақталған жинақтамалардың негізінде халық музыкасының қазіргі заманғы көзқарастары қалыптасқан.

Көптеген Шығыс Еуропа өңірлерінде халықтық-музыкалық жинақтар маңызды орын алды. XIX-ғасырдың соңы мен XX-ғасырдың басында көптеген өңірлер шетелдік империялық ірі мемлекеттерімен басқарылып отырды. Оған мысал ретінде Польшаны айтуға болады. Ол алдымен Корольдік, кейіннен Республика болды. Бірақ, көрсетілген кезеңде бұл мемлекеттік формалар саяси құрылымға жатпады.



Польша Ресей, Пруссия және Австро-Венгер империяларының арасында бөліске түсті. Осылайша, Поляк ұлттық мемлекеті болмаған соң, Польша туралы, поляк халық музыкасы мен поляк ұлты тұжырымдамасы арасындағы байланыс дерексіз дегенді мойындау керек.

Осы құбылыстың нәтижесі, біз Польша туралы ғана сөз етіп отырған жоқпыз, халық музыкасын тудырушы шаруалармен байланыс, Шығыс Еуропада батыс орталықтарындағыдай болмады. Империялық мемлекеттер үшін шаруалармен байланыс «өткеннің қалдықтары» іспеттес деп қарастырылғандықтан, мемлекет тарихына қатысушы тап ретінде болып өтті. Шығыс Еуропадан бөлінген мемлекеттер үшін, шаруалар тәуелсіздікті алған немесе қалпына келтірген армандардың іске асуы болды. Халық музыкасына байланысты ұқсас жағдай уақыттан артқа емес, алға жүруін көрсетеді.

«Жас Польша» атты қозғалыста бұл символдық белгі болды. Мысалы, осы қозғалыстың өкілі Станислав Выспанскийдің 1901 жылы жазған «Свадьба» пьесасында Краковтан шыққан зиялы жігіт қарапайым шаруа қызына үйленеді. «Жас Польша» қозғалысында шаруа қызға үйлену алға басушылық саналатын. XX ғасырдың ішінде қарапайым халық болашақта алғы ұмтылудың кілті деген мазмұн бірнеше рет қайталанып келді.

Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін, Польша және басқада Шығыс Еуропадағы елдер І-ші Дүниежүзілік соғыстан соң қайтадан саяси ұлттарға айналып, өздерінің материалдық инфрақұрылымын және жаңа ұлттық бірегейлікті құруға кірісті. Польшада аймақтық бірегейлікті біріктіру нысаны жаңа ұлттық мағынада жүрді. Екінші Дүниежүзілік соғыстан соң бұл үдеріс халық музыкасын ерекше назарда ұстаумен басталды.

ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫН ЖИНАУ ЖӘНЕ КОДИФИКАЦИЯЛАУ

Ертеректе Шығыс Еуропаның халық музыкасын зерттеу, барлық жердегі сияқты жинауға және жіктеуге бағытталған. Көптеген ән жинаушылары Шығыс Еуропадағы халық музыкасын жинақтау жұмысында үлестерін қосты.

Осындай жинаушылардың бірі Польшада жұмыс жасаған Оскар Колберг. Ол халық музыкасын XIX-ғасырда Польша үш империя арасында бөліске түскен кезеңде жинады. Колберг өзінің көп жылдарын Польшаның және оның жан-жағындағы тарихи жерлерден халық әндерін жинауға арнады. Өзінің өмірінде ол «Люд» («Халық») деген ортақ атаумен аталатын бірнеше том басып шығарды. Ал, 1961 жылдан бастап, оның жұмыстары аннотациялы томдары «Толық шығармалар жинағында» басылып шықты. Бұл жинақта шамамен алпыс тоғыз том бар. Оның жинақтағандарының көп бөлігі XIX-ғасырдың екінші жартысында өзекті болған музыкалық тәжірибе мен әуендердің дерек көздерінен мәлемет береді.

Басқа зерттеушілер оның жолымен жүрді. Олардың қатарында чех жазушысы Людвик Куба, ол XX ғасырдың басында чех музыкасының тұжырымдамасын қалыптастырды. Басқа өңірлер мен ұлттарда ұлттық бірегейліктің бір бөлігі болып кеткен халық музыкасын жинайтын өздерінің мамандары болды.

Венгер музыкалық фольклорисі Бела Барток тек Шығыс Еуропа емес, сонымен қатар бүкіл Еуропа, АҚШ елдеріне де әсерін тигізді. Мысалы, Турцияда Бела Бартоктың ізденістері бір жағынан «венгерлік» болатын «халықаралық» композиция стилін дамыту ниетімен байланысты болды. Бұл көзқарастар романтикалық ұлтшылдық пен мәдени дарвинизмге қызығушылықтың өсуінен туындады, олар шаруалар санатының халық музыкасын таза әрі ұлттық венгерлік мәні бар шығармалар ретінде қарастырды. Оның жұмысының мазмұнында қарама-қайшылық нәрселер бар. Бір жағынан ол сыртқы әсермен бұзылмаған дәстүрлі «таза» венгерлік музыканы құжаттандырғысы келді. Ал, екінші жағынан қазіргі заманғы және халықаралық венгер музыкасын құрғысы келді. Бұл көзқарастар XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың бірінші жартысына дейін тарады. Дегенмен, жинақтаушы-коллекционердің саяси және экономикалық аясына байланысты халық музыкасы үшін бұл тәсілдің салдары әр түрлі рөл ойнады. Бұл Бартоктың өзіне Екінші Дүниежүзілік соғыс кезінде Холокосттан жасырынып, зардап шегіп жүрген уақытында түсінікті болды.

Еуропа мен Америкада абыройлы композитор бола тұра, Барток халық музыкасына деген өзінің көзқарасын көптеген адамға жеткізе білді, осылайша салыстырмалы музыкатану позициясын нығайтып, оны дамудың жаңа деңгейіне көтерді. Салыстырмалы музыкатану «музыканың шығу тегі мен дамуының және табиғатының» әмбебап қорытындысын шығару үшін бүкіл әлемнің белгілі шығармаларын салыстырып, көлемі жағынан жаһандануға тырысқанда, Барток өзінің туған өңіріне бағытталды, және оның жұмыстары, басым жағыдайда, ұлтшылдық жобаларды қолдады.

Барток өзінің жұмысын ғылым деп санады. Ол дыбыс жазатын машинаны қолданды және дыбысты



жазуды барынша дәлдікпен жасады. Олар Золтан Кодаймен дамытқан өзіндік классификациялық жүйеде жазылды. Бұл жүйе әуенді салыстыру және топтастыру жұмыстарын жеңілдетті. Тіпті ол зерттеулерді Венгриядан тыс жерлерде жүргізсе де, Венгрияның халық музыкасымен байланысын салыстыруға және іздеуге тырысты. Бартоқтың мүдделері оқымысты-лингвистердің мәдени салыстыруымен ұқсас болды, бірақ мәдени қарым-қатынастары венгер музыкасына бағытталды.

Шығыс Еуропа елдерінде Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін мұрағаттарды қалпына келтіру жұмыстары коммунистік идеологияның әсерінен қатты саясаттандырылды. Мысалы, Польшада діни әндер үлкен мәселелер тудырды: оқымыстылар оларды басып шығаруға қарсы болды, ал әншілер көпшілік ортада орындағысы келмеді. Ресми түрде рұқсат етілген музыкадан бөлек туындылар қабылданбады. Румыния мен Болгарияда бұған қарсы ресми заң қабылданды. Бұл елдерде еврей, түрік және рим музыкалары ресми түрде қабылданбай, тіпті оларға тыйым салынған. Алайда, музыканттар мен оқымыстылар мемлекеттік бақылауға қарсылық көрсетті.

Көптеген топтамалық жобалар идеологияға сүйенгеніне қарамастан, олардың мағынасы зор. Соғыстан кейін Шығыс Еуропа елдерінің басым бөлігі халық музыкасын құжаттандыруды қолдады. Соның арқасында үлкен дыбыс жазу мұрағаттары пайда болды. Және олардың көбісінде өткен ғасырдың 50-ші жылдарында жазылған әуендер құрайды. Бұл жинақтамаларда ешбір саяси бағдарламамен немесе ұлттық аңызбен байланысы жоқ халық музыкалық шығармашылығы жайында жазбалар сақтаулы.

ДІН

Музыкалық идеялар, мәтіндер және әуендердің шығуымен таралуында діннің әсері бар екені белгілі. Бүкіл Еуропада негізгі үш дін бар – олар христиандық, иудаизм және ислам. Ыбырайымның сенімдері деп аталатын барлық үш діннің Таяу Шығыста түп-тамыры бар және олардың барлығы бастапқы мәтінді бөледі (мысалы, - Тора және Ескі Інжіл).

Дегенмен, ғылыми және көпшілік әдебиетте дін арасындағы, сондай-ақ олардың діни практикасындағы айырмашылықты бөлуге аса назар аударатын үрдіс бар. Музыкалық түрде әрбір негізгі діннің кейбір тармақтары мәтінді әңдету түрін қолданады. Исламда намазға (азан) шақыру вокалдық өнердің үлгісі болып саналады, бірақ мұсұлмандар үшін музыка болып жіктелмейді. Исламның ән айту өнерінің тұжырымдамасы Балқан аралында, Босния, Болгария, Албанияда, яғни Шығыс Еуропада, өте ықпалды.

Шығыс Еуропада ең көп таралған христиан діні үш тармаққа бөлінген: Римдік католицизм, шығыс православие, протестантизм. Христиандық шіркеу музыкалық әуендер мен формаларды ұсынатын институционалды орган болып есептеледі, кейбір жағдайларда орындаудың басқа моделдеріне қарсылық көрсетеді. Шіркеу Еуропада кейбір музыкалық аспектілердің бірігуіне терең әсер етті. Мысалы, гармонияны кеңінен қолдануға, дубликацияның орнына өлшемді және музыкалық сауаттылықтың жоғары дәрежесіне ықпал етті.

Шығыс Еуропада христиандық және христиандыққа дейінгі халықтың музыкалық дәстүрлер күнтізбелік рәсімдерде кездеседі. Бұл қыстыгүнгі күнтоқырау және Рождествода қатты байқалады. Дәстүрлі халықтық қолядақалар ежелгі музыкалық тәжірибеден туындайды. Кейбір жағдайларда олар жынысына байланысты болады. Бұл дәстүр ұлдар мен бозбалаға сәйкес келеді деп есептеледі, бірақ Польшадағы қолядтар қойылымына қыздар мен жас келіншектер де қатыса алады.

ӨМІР БОЙЫ

Ауыл шаруашылығының, мал шаруашылығының дамуы Шығыс Еуропада отырықшы өмір салтының қалыптасуына әсер етті. Қазіргі күнге дейін ауылшаруашылықпен байланысты егіннің молшылығымен малдың көп төлдеуіне кепілдік беретін салт-жоралғылар мен рәсімдер өңірде кеңінен тараған. Оларға егін жинайтын әндер мен билер, күнтоқырау рәсімдері жатады. Көптеген қолөнершілер қол еңбегінде ауыр және біркелкі еңбекті сүйемелдеу үшін жұмысшылар әнін шығарады.

Еуропа музыкасын зерттегенде әдетте әлеуметтік таптар мен этникалық топтар арасындағы айырмашылыққа мән беріледі. Өскелең урбанизация мен өндірістің өсуі нәтижесінде әлеуметтік айырмашылық уақыт өте келе өзгерді, бұл өзгерістер кей жағдайларда этникалық бөлінуге ықпал етті. Өмір салтының өзгеруіне байланысты рәсімді музыканың көптеген аясын жойылып немесе жаңа рәсімдерге айналдырылды. Мысалы, XX ғасырдың екінші жартысында ғұрыптық және күнтізбелік рәсімдер туристік фестивальдерде өз жаңа мәнін тапты. Туристік фестивальдерге келушілер мен саяхатшылардан түсетін кіріс кезіндегі егін мен мал шаруашылығынан түсетін кіріс сияқты бүгінде



ауылдармен қалалар үшін өте маңызды. Сондықтан, туристер үшін орындалатын музыка ертеректегі өмір салтының дәстүрімен байланысты күнтізбелік рәсімдердегі музыка сынды маңызды.

МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР

Дәстүрдің кейбір аспаптары өмір сүру салтына қарай жіктеледі. Волынкалар (Шығыс Еуропада және бүкіл әлемде оның көптеген түрлері кездеседі) қойларды тұқымдатып, ешкі ұстайтын шаруалардың арасында кеңінен тараған, аспаптар жануарлардың терілерінен жасалатын болғандығы назар аудартады. Флейталар мен альттік мүйіздер де қойшылық мәдениетпен байланысты.

Шығыс Еуропаның халық музыкасында ішекті – лютнялар, скрипкалар кеңінен қолданысқа ие. Аспаптардың өздерінің аймақтық айырмашылық-тары он тоғызыншы ғасырдың соңында заводтың немесе басқа да ірі өндірістің стандартты скрипкалары қолжетімді болуына байланысты жойылды. Дей тұрғанмен, кейбір аудандарда майыстырылған лютнялар әлі күнге дейін сақталған. Қысқа мойынды тік үш ішекті аспап – болгар гадулкасын мысал ретінде айтуға болады.

XX ғасырдың соңына қарай көптеген скрипкашылар бүкіл Орталық Еуропадағы скрипка дәстүріне қызығушылық танытып біле бастады. Бұл волынка мен флейта орындаушыларына да қатысты. Оқымыстылар халық музыкасын кодтауға көп күш жұмсаған уақытта, ал кейбір коммунистік үкімет әрбір музыканттың нақышы мен репертуарына сәйкес келетін заңдар қабылдады, жазылған радиобағдарлама, адамның шығармашылық ізденісі ауыл музыканттарының кеңінен таралуына әкеп соқты.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Александра Т. (1980) «Румын халық музыкасы», аудармасы Константин Өлеңі-Боостікі, Бухарест: Музыкалық баспа
2. Андерсон Б. (2006) «Елес қоғамдастық: ұлтшылықтың пайда болуы мен таралуы», ред. Эдн, Лондон
3. Болман, Ф. В. (1988) «Қазіргі кездегі әлемде халық музыкасын зерттеу», Блумингтон, (2002) «Тарих соңындағы әлем музыкасы», Ethnomusicology
4. Brailoiu C. (1984) «Музыкалық фольклор әдісін баяндау»
5. Brown J. (2000) «Барток, сығандар мен музыкадағы гибрид»
6. Cooley T. (2005) « поляктық Татрларда музыка шығару: туристер, этнографтар және тау музыканттары», (2006) « Поляктық Татрларда фольклорлық фестиваль заманауи рәсім ретінде»
7. Schirmer, Czekanowska A. (1990) «Поляк халық музыкасы: Славян мұрасы, поляк дәстүрі, заманауи тенденциялар», Кембридж университетінің баспасы
8. Гельбарт М. (2009) «Табиғат тілі»: Музыка фольклористика әдістемесі үшін тарихи тигель», Этномузыкалогия
9. Геллер Э. (1998) «Тіл мен жалғыздық: Витгенштейн, Малиновский мен Габсбургтер дилеммасы», Кембридж университетінің баспасы,
10. Гутт-Мостови J. (1998) «Подхале: Поляк таулы қыраты бойынша анықтамалық», Нью-Йорк: Гиппокрена кәсіпханасы
11. Хобсбаум Э. и Т. Рейнджер (1983) «Дәстүрді ойлап табу», Кембридж университетінің баспасы